

«Бекітемін»

«Еңбек ресурстары және
белсенді ұзақ өмір сүру орталығы»



А. Джексемба
2025ж.

"Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ қызметі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1 Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) Жетісу облыс аумағында Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексінде көзделген шараларды орындау және мекеменің жарғылық қызметі шеңберінде іске асырылатын, зейнеткерлік жасқа толған азаматтарды тартуды көздейтін функцияларды жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2 "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ құрылтайшысы Жетісу облысының әкімдігі болып табылады;

1.3 "Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" КММ уәкілетті орган болып табылады.

1.4 Орталық өз қызметінде Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, "Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы" КММ Жарғысын, осы орталық туралы ережені және лауазымдық нұсқаулықтарды басшылыққа алады.

1.5 Орталықтың орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі 259/1.

2. Орталық қызметінің мәні мен мақсаттары

2.1 Қызмет пәні: Орталық қызметінің мәні-өзіне-өзі қызмет көрсету және белсенді жүріп-тұру қабілетін сақтап қалған зейнеткерлік жасқа толған азаматтарға әлеуметтік қызметтер көрсету болып табылады;

2.2 Негізгі мақсат-зейнеткерлік жасқа толған азаматтарды физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін белсенді мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру.

2.3 Өз мақсаттарына жету үшін Орталық келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Әлеуметтік-сауықтыру, мәдени-демалыс қызметтерін ұсыну;
2. Азаматтардың белсенді өмір салтын қолдау;
3. Әлеуметтік-мәдени және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастыру;
4. Қызмет алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік қызметтер көрсету;
5. Денсаулық жағдайына және өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігіне қарай іс-шаралардың нақты нысандарын, оларды азаматтарға беру кезеңділігін айқындау;
6. Көрсетілетін қызметті алушыларды қабылдау, тіркеу және оларға қызмет көрсету.

3. Орталықтың көрсетілетін әлеуметтік қызметтерінің түрлері

3.1 Әлеуметтік-медициналық, сауықтыру қызметтері- әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша, оның ішінде жасына бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру. Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған көрсетілетін қызметті алушылар үшін профилактикалық сабақтар өткізу;

3.2 Әлеуметтік-білім беру қызметтері- білім беру қызметтерін, тілдік курстарды, компьютерлік сауаттылықты, зияткерлік үйірмелерді ұйымдастыруды, сабақтар, мастер-класстар, тақырыптық әңгімелер, дәрістер өткізуді қамтиды;

3.3 Әлеуметтік-құқықтық қызметтер- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қызметтер көрсету саласында, әлеуметтік қамсыздандыру және консультациялық көмек жөніндегі құқықтар мәселелері бойынша заңгерлік консультация беру;

3.4 Әлеуметтік-мәдени қызметтер- мерекелер мен демалыс іс-шараларын, сондай-ақ үйірме жұмыстарын ұйымдастыру. Қызмет алушыларды мәдени іс-

шараларға қатысуын ұйымдастырады (экскурсиялар, театрларға, көрмелерге және басқа да іс-шараларға қатысу).

3.5 Әлеуметтік-экономикалық қызметтер - қызмет алушылардың экономикалық сауаттылығы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету;

3.6 Әлеуметтік-еңбек қызметтер - ұсақ маториканы дамытуға ықпал ететін халықтық қолөнер мен шығармашылықты ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету

3.7 Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер - жиһазбен, қажетті мүкәммалмен, білім беру, сауықтыру және мәдени-демалыс іс-шараларын ұйымдастыруға арналған жабдықтармен жарақтандырылған үй-жайларды ұсыну.

4. Орталықтың қызметтерін алатын азаматтар санаты

4.1 Орталықта қызмет көрсетуге құқығы бар азаматтардың санаттарына мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының 20.04.2023 жылғы № 224-VII Әлеуметтік кодексінің 207-бабына сәйкес өзіне-өзі қызмет көрсету және белсенді жүріп-тұру қабілетін сақтаған, әлеуметтік қызмет көрсетуге құқығы бар зейнеткерлік жасқа толған азаматтар.

5. Зейнеткерлік жастағы адамдарды орталыққа қабылдау тәртібі

5.1 Орталықта қабылдау және қызмет көрсету үшін зейнеткерлік жасқа толған адамдар (қызмет алушылар)

Орталыққа мынадай құжаттарды ұсынады:

- жеке сәйкестендіру нөмірі бар жеке басын куәландыратын құжат;
- зейнетақы куәлігі;
- флюорография;
- нысан 027-у (анықтама)

5.3 Орталық көрсетілетін қызметті алушыларының құжаттарды тапсыру және болу уақыты сағат 08:30-дан 17:30-ға дейін.

5.4 Өтінішке қол қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы белсенді/белсенді емес әлеуметтік қызметтердің түрлерін анықтау үшін Орталық дәрігерімен консультациядан өтуі қажет.

6. Орталықта қызмет көрсету тәртібі мен ережелері

6.1 Орталықта әлеуметтік қызметтер зейнеткерлік жасқа толған адамдарға тегін негізде көрсетіледі;

6.2 Қызмет алушыларға қызмет көрсету ережелері орталықтың Ережесіне сәйкес жүргізіледі;

6.3 Қызметті алушы қызмет алғанға дейін орталыққа бару ережелерімен танысады, келгенге дейін, сабақ кезінде, орталықтан шыққаннан кейін, сондай-ақ іс-шаралар мен қала бойынша, қала сыртындағы мәдени-демалыс сапарлары кезінде өзінің денсаулығы мен физикалық жағдайы үшін дербес жауапкершілік туралы қолхатқа қол қояды.